

Модернизация высшего ОБРАЗОВАНИЯ

Европейская Комиссия провела институциональный мониторинг международных проектов Темпус IV, реализованных с участием КазНУ. Основной целью встречи был обзор промежуточных и конечных результатов реализуемых проектов, а также изучение успешного опыта университета.



В рамках мониторинга были заслушаны 13 отчетов координаторов действующих проектов о результатах работы, обсуждены перспективы и план действий на будущий год. Расширение международных научных и академических связей, интернационализация образования и науки являются мощным инструментом повышения конкурентоспособности КазНУ им. аль-Фараби в мировом научно-образовательном пространстве. По участию в международных проектах в области модернизации сферы высшего образования программы Европейской Комиссии Темпус КазНУ занимает лидирующую позицию среди вузов Центральной Азии и СНГ.

На сегодняшний день с участием университета в Казахстане реализуются международные проекты Темпус в области повышения качества инженерного образования в Центральной Азии (QUEECA), профессиональной подготовки по информационно-коммуникационным технологиям (ИКТ) на основе Европейских рамок квалификаций для России и Казахстана (PICTET), создания общественно-полезных университетов по принципу «исследования – наука – производство» (PERSEUS), совершенствования образования в области дистанционного зондирования из космоса для мониторинга экологических систем в Израиле, Азербайджане, Казахстане (SESREMO) и др.

С 2014 года международная программа Erasmus+ объединила несколько европейских программ, включая программы Темпус и Эразмус Мундус. В рамках программы Erasmus+ КазНУ нацелен на расширение

возможностей трудоустройства студенческой молодежи, модернизацию политики в области образования, продвижение диалога и содействие межкультурному взаимопониманию посредством академической мобильности и кооперации. Так, в рамках программы Эразмус в КазНУ им. аль-Фараби реализуется входящая и исходящая академическая мобильность студентов, магистрантов, докторантов и преподавателей с ведущими университетами Европы.

На протяжении нескольких лет университет являлся со-координатором программ Эразмус Мундус «Silkroute – SILKRoad Universities Towards Europe», GSmart - Spatial ICT Infrastructures for Smart Places, Central Asian and European Universities Consortium. Руководитель Департамента EACEA программы Эразмус+ Ральф Радерс отметил актуальность тем проектов, реализуемых в КазНУ и высокое качество проделанной работы. В рамках институционального мониторинга впервые состоялась кластерная встреча всех координаторов проектов Темпус в Казахстане. По итогам проведенных мероприятий Европейской комиссией будет составлено экспертное заключение.

Институциональный мониторинг проектов Темпус был организован Исполнительным Агентством по образованию, аудиовизуальным средствам и культуре (EACEA) Европейской Комиссии, Национальным офисом Эразмус+ в Казахстане (НЭО). В кластерной встрече участие приняли эксперты EACEA, представители МОН РК и координаторы проектов КазНУ.

Соб. корр.

Биыл Қазақстан өз тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтеді. 1991 жылдың 16 желтоқсан күні елімізді халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі, әлем қауымдастығының мүшесі ретінде жария текен Мемлекеттік тәуелсіздік туралы тарихи Заң қабылданған болатын.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Алайда, заңи тұрғыдан мемлекеттік тәуелсіздікке алғашқы қадам бұдан бір жыл бұрын, яғни Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған күні – 1990 жылдың 25 қазан күні жасалған еді. Осы құжат «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы мен 1993 жылғы Қазақстанның алғашқы тәуелсіз Конституциясының құқықтық негізін қалап, Қазақстан тәуелсіздігін конституциялық ресімдеудің бастамасы болды.

Декларация мәтіні Қазақстанның жанартылған Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамында одан әрі тіршілік ететіндігін көздесе де (өйткені оның максаттарының арасында Декларация Кеңес Одағының жаңа шартының мәтінін қабылдау үшін негіз ретінде қабылданды деген сөздер бар), оның мазмұнында бұл Декларация егеменді мемлекет ретінде Республика мәртебесін жүзеге асыратын Қазақстанның жаңа Конституциясы мен заңнамалық актілерін дайындауға негіз болады деп ашық жария етілген. Егемендіктің негізіне ұлттардың өзін-өзі еркін түрде анықтау құқығы жатқызылған.

Жалғасы 4-бетте

Климат өзгеріп келеді. Бұл бір ғана елдің емес, ғаламшарымыздың басты мәселесіне айналған. Ал Қазақстанда қаншалықты өзгерген? Ғылымда қандай қорытындылар жарияланды. Ал ҚазҰУ ғалымдары не дейді? Өзекті тақырыпқа бүгін "Қазақ университеті" газетінде тоқталып, назарларыңызға сараптамалық материалды ұсынамыз.

ТАБИҒАТ ТАҢҒАЛДЫРЫП ЖАТЫР

Шын мәнісінде климат өзгеріп жатырма? Өзгерсе, оған қандай факторлар әсер етуде? Ғылым мен техниканың дамуы табиғат қорғауда қандай мәселелер туғызып отыр? Бұған алғашқы үн қатып, зерттеулер жасауға БҰҰ-ның өзі ерекше мән беріп отыр. Ал, ғалымдар бұл мәселені қалай түсіндіреді? Ендеше, зерттеп көрелік.

Жалғасы 7-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

АКТУАЛЬНЫЕ
ВОПРОСЫ



2-стр.

«КЕҢЕСІП ПІШКЕН
ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС»



3-бет

СТУДЕНТ КАЗНУ
ЗАНЯЛ 1 МЕСТО НА
МЕЖДУНАРОДНОМ КОНКУРСЕ



8-стр.

НОВЫЕ РУБЕЖИ

Заместитель министра образования Китайской Народной Республики Чжу Чживэн посетил КазНУ им. аль-Фараби. Развитие добрососедских и дружественных отношений с Китаем является одним из стратегических и приоритетных направлений внешней политики Казахстана.



казахстанцев, 700 из них по стипендиальным программам. Ежегодно около 200 китайских студентов выбирают обучение в КазНУ им. аль-Фараби. Вузы-партнеры Казахстана и Китая активно содействуют процессу интернационализации высшего образования и академической мобильности, обеспечению качества образовательных программ», - сказал Чжу Чживэн.

По словам заместителя министра образования КНР, КазНУ преимущественно имеет тесные партнерские соглашения с университетами северо-восточной части Китая. Стороны выразили готовность к укреплению и расширению сотрудничества в области организации совместной научно-исследовательской деятельности и обмена преподавательскими кадрами.

В ходе встречи стороны также договорились о совместной подготовке специалистов в области IT-технологий и профессиональных переводчиков узкого профиля с последующим открытием международного центра перевода, проведении совместных научных проектов и исследований, организации летних школ.

В рамках официального визита в КазНУ делегация ознакомились с работой Института Конфуция. Гости дали высокую оценку работе культурно-образовательного центра, связанной с развитием дружбы и взаимопонимания между народами. Представители министерства посетили занятия по китайскому языку, ознакомились с библиотечным фондом института, а также приняли участие в концерте, организованного студентами.

А. КАМАЛДИНОВА

ҚЫСҚА-НҰСҚА

ҚазҰУ әскери кафедра студенттері жуырда ҚР ҚМ Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты бастығының кубогы үшін өткен жарысқа қатысты.

Дебат-турнир қорытындысы бойынша табанды жарыс барысында бірінші орынды ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы жеңіп алды. Бұл жеңіс әскери кафедра студенттерінің жемісті дайындығының жемісі. Команда құрметті дипломмен, кубокпен және араны сыйлықпен марапатталды.

Сондай-ақ әскери кафедра студенті Б. Нұрсерік дебат-турнир ойын қорытындысы бойынша ең үздік судья атанды.

Шолпан БАТЫРБАЕВА,
әскери кафедраның жетекші маманы

Тарих, археология және этнология факультетінің, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамамен қамтамасыз ету мамандығының 2-курс студенттері аға оқытушы Майра Райымбекованың ұйымдастыруымен жуырда «Құжат – адам өмірінің маңызы» атты дөңгелек үстел өткізді.

Шара барысында дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы М.Т. Раймбекова жеке адам мен қоғам үшін құжаттың мәні мен маңыздылығын слайд арқылы талдап, студенттерге мол мағлұмат берді. Студенттер жай ғана құжат сөзінің зор мағынасы мен өмірде ерекше орны бар екендігін ойға түйді. Болашақта құжаттану мамандығының түлектері қазіргі уақытта құжат саласында болып жатқан кемшіліктерді болдырмауға атсалысатындықтарын жеткізді.

Г. СЕРІКБАЕВА,
Г. СЫДЫҚОВА,
2-курс студенттері

Жуырда химия және химиялық технология факультетінің 2, 3, 4-курс студенттері факультет ұстаздары – Э.Т. Ермолдина, Г.К. Василина, А.А. Жұртбаевалардың жетекшілігімен «Салауатты өмір салты» жобасының аясында Есік көліне саяхатқа барып қайтты.

Саяхат барысында кен байтақ қазақ елінің Жетісу жерінің керемет, қараса көз тоймайтын ғажап жерлеріне тамсанып, шаттыққа бөлендік. Табиғат аясында тыныс алып, Есік көлінің аспанның тұнығындай мөлдір суының өзі керемет көрініс беріп, бізді ерекше әсерге бөледі. Саяхат барысында студенттерге арналған ойындар ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Ақмарал МАХМҰТҚЫЗЫ,
физикалық-химия, катализ және мұнай химия кафедрасының 4-курс студенті

Соб. корр.

Ректор КазНУ академик Галым Мутанов подробно ознакомил гостей с научно-образовательной и инновационной деятельностью вуза, направлениями международного сотрудничества. Он подчеркнул, что КазНУ активно развивает партнерство с университетами КНР как в рамках международных научных программ, так и на межвузовском уровне.

Казахстанский вуз входит в Альянс университетов Нового Шелкового пути, а его ректор является вице-президентом Исполнительного комитета данной организации. На базе Центра суперкомпьютерных и облачных вычислений КазНУ уже отработаны технические условия по формированию международного IT-технопарка Альянса университетов Нового Шелкового пути, которая станет площадкой для сотрудничества в области образования, науки и техники.

Также одним из важных результатов многолетней совместной работы стал старт весной 2016 года образовательной программы с казахским языком обучения в Пекинском университете иностранных языков. Здесь впервые в истории вуза начали изучать казахский, который стал 73-м по счету преподаваемым языком.

«Основу для плодотворного институционального сотрудничества заложили главы двух государств. Сегодня в университетах Китая обучается 13 тысяч

РЕКТОРАТ

Одной из главных тем, обсуждаемых на очередном заседании ректората КазНУ им. аль-Фараби, был вопрос о хозяйственно-расчетных центрах кафедр и факультетов по направлениям деятельности университета.

Выступая с докладом, советник проректора по научно-инновационной деятельности Тлек Кетегенов представил список творческих групп КазНУ, отобранных по итогам оценки предварительных предложений по проекту «Стимулирование продуктивных инноваций». Это совместный Проект Правительства Казахстана и Всемирного банка, направленный на стимулирование проведения высококачественных, актуальных для страны исследований и коммерциализации технологий.

Также был оглашен перечень проектов КазНУ, планируемых для участия в конкурсе на получение грантового финансирования проектов коммерциализации результатов научной и (или) научно-технической деятельности АО «Фонд науки». Следует отметить, что срок представления заявок продлится до 27 октября 2016 года.

Советник проректора по научно-инновационной деятельности Тлек Кетегенов выступил с предложением руководителям центров предоставить перечень потенциальных услуг по внедрению результатов научно-инновационной деятельности в регионах страны.

И.о. проректора по учебной работе Аскар Хикметов отметил о необходимости централизованного продвижения дополнительных образовательных услуг университета

Актуальные вопросы

для заказчиков. А именно: увеличить количество программ дополнительного профессионального образования, массовых открытых онлайн-курсов, вебинаров, организовать подготовительные курсы для школьников и иностранных граждан, сертификационные курсы, в том числе для работодателей, международные летние и зимние школы для школьников, обучающихся и ППС, а также проводить экспертизы учебно-методических материалов для внешних организаций. В своем докладе Аскар Хикметов отметил о необходимости привлечения крупных корпоративных партнеров к реализации дополнительных образовательных услуг.

Также на заседании стало известно о создании на юридическом факультете нового Центра переподготовки и повышения квалификации юридических кадров, а также о проведении заключительных работ по открытию Научно-консалтингового правового Центра «Нурлы жол – Шелковый путь» и Центра «Ассоциация медиаторов».

Проректор по социальной работе Шолпан Джаманбалаева выступила с докладом «Хозяйственно-расчетные услуги кафедральных центров КазНУ в социальной и культурно-досуговой сфере».

Второй вопрос, включенный в повестку дня заседания ректората, был посвящен вопросам организации проведения ВОУД и готовности факультетов. Внешняя оценка учебных достижений будет проводиться с 9 по 13 ноября 2016 года. ВОУД осуществляется в целях оценки качества образовательных услуг и определения уровня освоения обучающимися образовательных программ.

Руководитель службы контроля качества

образовательных программ Айгуль Байносерова информировала о необходимости до 5 ноября 2016 года обеспечить проведение дополнительных занятий по дисциплинам ВОУД согласно графику и обеспечить 100%-ное участие студентов выпускного курса в пробном on-line тестировании.

На заседании ректората были обсуждены и другие вопросы. Был заслушан отчет о командировке в Китайскую Народную Республику декана факультета химии и химической технологии Ердоса Онгарбаева. Результатом официальных встреч с руководством Китайского университета нефти стало подписание соглашения по реализации программ двойного диплома в рамках УШОС. Стороны выразили готовность создать совместный образовательный центр для повышения квалификации сотрудников предприятий, обучения китайскому языку, реализации совместных научных проектов, развития онлайн-образования. В рамках зарубежной командировки также состоялись переговоры о международном сотрудничестве с университетами Цинхуа и Китайской Академии наук.

Также коллектив КазНУ поддержал предложение декана физико-технического факультета Аскара Давлетова о присвоении лаборатории общего физического практикума по механике имени профессора Исатаева Совета Исатаевича и лаборатории общего физического практикума по молекулярной физике имени профессора Омирбекова Жениса Омирбековича.

«КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН келте болмас»

Жаңа оқу жылының басында әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаеваның жетекшілігімен дәстүрлі жалпыуниверситеттік куратор-эдвайзерлер кеңесінің отырысы өткен болатын. Онда кеңестің жылдық жоспары бекітіліп, аға куратор-эдвайзерлер жұмысын жетілдіруге байланысты бірқатар мәселелер қарастырылып талқыланды. Университет куратор-эдвайзер кеңесінің соңы әр факультеттегі апталықтарға ұласты.

Факультеттегі куратор-эдвайзерлер кеңесі отырыстарында негізінен тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы куратор-эдвайзерлер институтының рөлі мен манызы, оларға жүктелген жауапкершілік пен міндеттемелер талқыға салынды. Білімді де тәрбиелі ұрпақ қалыптастырудың жолдары сараланып, түйінді мәселелерді шешудің тиімді тәсілдері сөз болды. Жиынды жүргізген факультет декандары ұжымдағы оқытушы-тәлімгерлердің студенттермен жұмыс істеуде ілкімділікті, жаңашыл ізденісті, рухани қамқорлықты, тығыз қарым-қатынасты үнемі басшылыққа алу жайы туралы ойларымен бөлісті. Университеттегі куратор-эдвайзерлердің атқарар істерінің бағыт-бағдары туралы тәрбие департаментінің директоры Жұлдыз Дөпенқызының баяндамасында қамтылса, басқарма мамандары тәрбие жұмысын жүргізудің жай-жапсарымен, орталық, үйірмелермен жұмыс істеудің, озық технологияларды меңгерудің тиімді тұстарына тоқталып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Куратор-эдвайзерлер кеңесі осы күнде жастар тәрбиесінде көптеген іс-шаралардың жаршысы болып келеді. Тәрбие департаментімен бірге селбесе өткен жиында өздерінің ойын білдірген аға куратор-ұйымдастырушылар да бар.

Шоқан ШОРТАНБАЕВ,
филология және әлем тілдері факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы:

—Расында, тәрбиеші рөлін атқаратын куратор-тәлімгердің мойнын-

да үлкен жауапкершілік тұр. Тәрбие басқармасының, факультет басшылығының ұйытқы болуымен өткен кеңесте оқытушылар болашақ ұрпақты тәрбиелеудің тізгіні өздерінің еншісіне тиіп, жауапкершілігі өздеріне артылатынын бағамдап қана қоймай, ұрпақ қамын ойлауға, олардың келешегінің кемел болуына жауаптылығын сезіне түсті. Ертенгі қоғамды тәрбиелейтіндер, шын мәнінде, бүгіннен бастап өздерін тәрбиелеп, өздерін қазірден ұлт құндылығының иесі болуға бағыттауы тиіс. Отбасы мемлекеттің кіші бір бөлшегі екенін ескерсек, университетте тәрбие беру жұмысын жандандыру арқылы тәуелсіз мемлекетіміздің отансүйгіш ұландарын тәрбиелеуге жол салатынымыз анық.

Келелі кеңестің тағылымы мол, тұжырымы айқын екеніне көзіміз жетті. Осы орайда университет, факультет қабырғасында атқарылуға тиіс, тәрбие саласына қатысты ауқымды жоба-шаралар қолға алынғанына және көп болып жұмысас, бұл істің де орындаларына сеніміміз мол.

Гүлшат АХМЕТАЛИЕВА,
халықаралық қатынастар факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы:

—Халықаралық қатынастар факультетінде куратор-эдвайзерлер кеңесінің 2016-2017 оқу жылындағы алғашқы жиналысы болып өтті.

«Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы», — деп дана бабамыз әл-Фараби айтқандай, осы атқарылып жатқан



еңбектің бәрі студенттердің болашағы, игілігі үшін екендігі түсінікті. Эдвайзер — оқу орнындағы студенттің ата-анасы ретінде барлық жағдайын біліп, қамқор болып жүруі керек деп ойлаймын. Сондықтан студенттерді ұжымда жұмыс істей білуге үйретсек, олардың болашақта еңбек еткен мезгілде өздеріне әлдеқайда жеңіл болуына көп көмегіміз тиер еді. Ол үшін студенттерімізді «Үздік топ» байқауына қатысатындай дәрежеге жеткізуіміз қажет.

Мадияр УМБЕТОВ,
заң факультетінің аға куратор-эдвайзері:

—Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2005 жылы 18 ақпанда Қазақстан халқына арнаған жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа

тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз», — деп қазіргі білім беруге қатысты нақты талаптар қойғаны баршаға белгілі. Университет қабырғасында ұстаздар білім берумен қатар студенттердің ең озық маман болуына тікелей себепкер болатыны да анық. Осы орайда заң факультетінде тәрбие бөлімі басшылығының қатысуымен бірінші куратор-эдвайзерлер кеңесі өтті. Кеңесте факультетте куратор-эдвайзерлер кеңесі құрамы бекітіліп, жылдық жоспар қарастырылды.

ТӘРБИЕ БАСҚАРМАСЫ

Бақыттың кілті неге?



Үйлену үшін мінез керек! Жай ғана үйлену үшін үйленіп қоймай, шын мәнінде отбасының тірегі болам деген адамға, ең алдымен, мінез керек. Мінезсіз азамат жұбайының қадірін де білмейді, жібекті түте алмай жүн етеді, әйелдің арқа сүйер азаматына айнала алмайды», — деп ақыл айтты Бейсен Құранбек.

«Үйленгеннен кейін ұрпақ өрбітесіңдер. Ұрпақ қандай болуы керек?» деген сұраққа жастар «Білімді болу керек, елінің азаматы болу керек» деп жауап берді. «Тағы да қателестіңдер. Ұрпақ, ең алдымен, дені сау болуы керек», — деп, дәріскер соңғы кезде

дүниеге ауру бала келу жағдайлары жиілеп кеткенін айтып, оған баланың әкесі де, анасы да жауапты бола тұра, әкесі ауру баланы шешесімен бірге тастап кете беретін жағдайлар да көп кездесетінін тілге тиек етті. Азаматтың азаматтығы сыналатын тұста көп жігіттер шыдай алмай, сәбиді тек денсаулығында ақауы болғаны үшін ғана тастап кетіп жатқаны қазіргі қоғамның дерті екенін атап өтіп, Бейсен Құранбек ондай жағдайға жеткізбеудің ең бірінші жолы — өз денсаулығыңды күту екенін ескертті.

«Ал азаматтың азамат болып жетілуіне,

қалыптасуына, отбасының іргесі мықты, шанырағы берік болуына, сол арқылы бақытқа жетуге қажетті үшінші шарт — жақсы маман болу», — деп қадап айтты Бейсен Құранбек. «Мамандық таңдау да, жар таңдау сияқты — адам өміріндегі ең жауапты шешім. Сондықтан, қазірден бастап, осы мамандық менің өмірлік серігім бола ала ма, мұратыма жеткізе ме деп өздерінен сұрандар, жеткізеді деп шешсеңдер, осы мамандықтың майын ішкен шеберге айналындар, сонда ғана, мінез, денсаулық, кәсіп — осы үшеуінің басын қосып, бақытты өмірдің кілтін таба аласындар», — деп сөз қорытты қонақ.

Албырт жастықта ойланбастан шешім қабылдап, өмірдің бұраланында сол шешімін сан өзгертіп, кейде бәрін басынан бастауға тура келетін жағдайларға тап болуды кім қаласын. Қазірден бастап жастарымызды әр шешімін салмақтап, саралап барып шығаруға, өмірдің әр кезеңінде өзі үшін ғана емес, жақындары үшін де жауапкершілік арқалай алатын саналы азамат болып қалыптасуына осындай ел алдында жүрген ағалардың ақылы да көп ықпал ете алады.

«Көшбасшы дәрісі» циклінің мақсаты да осы — жастарды тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, адамгершілік тұрғысынан да өсіретін, дамытатын жол көрсетіп, ой қосатын ағалардың көмегімен ел болашағы үшін қызмет ете алатын бақытты буын қалыптастыруға үлес қосу.

Ж. Б. ҚОЖАБЕКОВА,
тарих, археология және этнология факультетінің аға оқытушысы

В КазНУ прошла международная конференция «Эволюция концептуальных основ и практики многовекторной внешней политики Казахстана»

Жалғасы. Басы 1-бетте

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ



жоғары органдарының басқа да актілерінің қолданылуы тоқтата тұру құқығы арқылы қамтамасыз етілетін болды.

Осындай негіздерге сүйене отырып, Республиканың экологиялық ортасын қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану тәртібін, өз аумағында экологиялық қатер төндіретін көз болып табылатын кез келген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, басқа да объектілердің құрылысына тыйым салу және олардың жұмыс істеуін тоқтату, ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге де түрлері (химиялық, бактериологиялық, биологиялық және басқалар) үшін сынау полигондарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салуға құқығы туындады.

Декларацияның мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы мен қызмет ету мәселелеріне байланысты ережелері ерекше маңыздылыққа ие.

Декларация Республиканың барлық ұлт азаматтары Қазақстан халқын құрайды әрі ол егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік өкімет билігінің негізі болып табылады, мемлекеттік өкімет билігін Қазақстан Конституциясы негізінде тікелей де, өкілетті органдар арқылы да жүзеге асырады, – деп нақты белгіледі.

Қазақстан өз азаматтығын енгізетінін (сақтап қалатынын) және әрбір азаматқа КСРО азаматтығын сақтауға кепілдік беретінін жария етті.

Республика аумағында тұратын барлық

бойынша жүзеге асырылады.

Басқа республикалармен Егеменді Республикалар Одағына ерікті түрде бірігетін және олармен өзара қатынастарын шарттық негізде құратын, Одақтан еркін шығу құқығын өзінде сақтап қалған егеменді мемлекет ретінде Қазақстан мемлекеттік ұлттық банкін, өзінің қаржылық-кредит жүйесін құру, мемлекеттік бюджетін дербес қалыптастыру, салық және одақтық-республикалық кеден жүйесін ұйымдастыру құқығын жария етті.

Сонымен қатар, Республиканың Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Президентіне бағынатын және солардың бақылауында болатын өз ішкі әскерлерін, мемлекет қауіпсіздігі және ішкі істер органдарын ұстауға құқығы туралы жарияланды.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігін сипаттайтын ең маңызды өкілеттіктері ретінде халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға құқықтарын атап өту керек.

Республика шет елдермен экономикалық және сауда байланыстарын еріктілік пен тең құқықтылық қағидаларын сақтай отырып, өзара тиімді шарттар негізінде құратынын, сыртқы

Декларацияда бекітілген негіз қалаушы қағидалар конституциялық сипатқа ие болып, осы күнге дейін әрекет етуде. Бұл қағидалар кез келген егеменді мемлекеттің басты үш элементіне де қатысы бар, яғни тұрғын халыққа, аумаққа және билікке.

Мәселен, тұрғын халыққа қатысты қарастырып отырған құжатта ешкімге берілмейтін және ажыратылмайтын адам құқықтары идеяларын белгілеген 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы Қазақстан тарапынан алғаш рет танылды. Мемлекеттің басты міндеті ретінде Республикада тұрып жатқан халықтар достығын нығайту және оларды біріктіру туралы норма бүгінгі күнге дейін Қазақстанның ішкі саясатының басты қағидасы болып есептеледі.

Барлық азаматтардың олардың қай ұлтқа және партияға жататындығына, тегіне, әлеуметтік және мүлік жағдайына, жынысына және діни нанымдарына, жұмысының түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан, тең құқықтылығы кейін Қазақстан Конституциясының іргелі қағидаларының біріне айналды. Мұндай сипатқа ие болған тағы да бір норма – барлық қоғамдық, саяси және діни ұйымдардың, бұқаралық қозғалыстардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін тең құқықты мүмкіндіктерге берілетіндігі туралы ереже еді.

Қазақстанда тұратын барлық халықтардың өкілдері үшін қоғамдық өмірдің барлық салаларында тең құқықтар мен мүмкіндіктердің берілуі кейін Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуына түрткі болды.


Республика аумағынан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тілдік мұқтаждықтарын қанағаттандыру және қамқорлық көрсету бойынша мемлекет міндеті оралмандардың айрықша мәртебесін орнату қажеттілігіне алып келді.

Декларацияда алғаш рет жоғары, конституциялық деңгейде Қазақстан мемлекеттігінің ұлттық сипаты туралы жария етілді және оның аса маңызды міндеттерінің бірі болып қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту табылатындығы айқындалды.

Декларацияда қазіргі шекарасындағы Қазақстан аумағы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз Республика аумағын пайдалануға болмайды және конституциялық құрылысқа қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері,

оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, сондай-ақ ұлт араздығын қоздыратын жария ұрандар заң бойынша жазаланады, – делінген.

Аумақтық үстемдік қағидасы егемендіктің Қазақстан аумағындағы оның барлық ұлттық байлығына, яғни жер және оның қойнауына, су, әуе кеңістігіне, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесіне, басқа да табиғи ресурстарға, халықтың



мәдени және тарихи қазыналарына, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық потенциалына таратылуына алып келді. Мұның барлығы республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігі деп жарияланды. Осыған қарамастан Республика Одақтың, басқа одақтас республикалардың, шет мемлекеттердің, олардың азаматтары мен ұйымдарының мүлктік құқықтарын қорғауға кепілдік берді.

Аумақтық үстемдік қағидасы Республика юрисдикциясының үстемдігін де белгіледі, яғни Республика аумағында Қазақстан Конституциясы мен заңдарының үстемдігі орнатылды (Қазақстан аумағында, оның өз еркімен Одаққа берген мәселелерін қоспағанда) және ол өз аумағында Республиканың егеменді құқықтары мен Конституциясын бұзатын Одақтың заңдары мен оның

азаматтардың КСРО Конституциясы мен Қазақстан Конституциясында көзделген барлық құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылатындығына кепілдік берілді.

Декларацияға сәйкес мемлекеттік өкімет билігі Республика ішінде, сондай-ақ Одақтық шартта белгіленген шеңберде сыртқы қарым-қатынаста үстем, дербес, толық болады. Қазақстан елдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа, оның әкімшілік-аумақтық құрылымына байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді, мемлекеттік өкімет және басқару органдарының құрылымы мен құзыретін, сондай-ақ Республиканың символдарын (елтаңба, ту, әнұран) белгілейді.

Республикада мемлекеттік өкімет билігі оны заң шығару (басты органы Жоғарғы Кеңес), атқару (Президент) және сот билігіне (Жоғарғы Сот) бөлу қағидасы

экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешетінін де ашық жариялады.

Декларацияға сәйкес Республиканың ажырамайтын құқықтарын құрайтын мәселелерді шешуге араласудың қандай болса да оның егемендігін бұзу деп бағаланатынын ескертті.

Сөйтіп, Декларация мазмұны мемлекеттік тәуелсіздіктің негізін құрайтын басты қағидалардың бекітілгендігін байқатады. Декларация қағидаларын жүзеге асыру арқылы кейін Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі зани түрде ресімделді. Сондықтан да, Мемлекеттік егемендік туралы Декларация біздің ел үшін мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізудің алғашқы зани қадамы болып табылады.

Сағынғали АЙДАРБАЕВ,
халықаралық құқық кафедрасының
меңгерушісі, з.ғ.д.

Еуропалық комиссия ҚазҰУ-дың қатысуымен жүзеге асқан Темпус IV халықаралық жобаларына институционалдық бақылау жүргізді

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ҺӘМ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ БІЛГІРІ

ҚР ҰҒА құрметті академигі,
Халықаралық Ақпараттандыру академиясының және ҚР Жоғары мектебі ҰҒА академигі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ақпараттық жүйелер кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, техника ғылымдарының докторы, профессор Уалшер Әнуарбекұлы Тукеев 70 жасқа толып отыр.



теті ақпараттық жүйелер кафедрасының меңгерушісі қызметіне қоса тағайындалып, аталған кафедра, Оқу-есептеу орталығы мен Математика-механика ғылыми-зерттеу институтының Ақпараттық жүйелер зертханасын біріктіретін білім беру-ғылыми-өндірістік кешен құру мүмкіндігі туды. Студенттер мен магистранттардың дайындық деңгейін көтеретін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын күшейтетін, оқу үдерісін өндірістік базамен қамтамасыз ететін жүйе қалыптасты.

2005-2006 жылдары профессор У.Ә.Тукеев басқарған Оқу-есептеу орталығы мен ақпараттық жүйелер кафедрасы, франциялық профессор Ф.Каде жетекшілік ететін Страсбург қаласының үш университетінің біріккен есептеу орталығы, Тәжікстан, Өзбекстан елдері ұлттық университеттерімен қосылып орындаған «Орталық Азия университеттерінің электрондық порталдары» деп аталатын ЮНЕСКО жобасын жүзеге асыруы нәтижесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың электрондық білім беру порталы жұмыс істей бастады.

Халықаралық байланыс орнату ісінің хас шеберіне айналған профессор У.Ә.Тукеев 2010-2013 жылдары ҚазҰУ атынан №159025 «Екінші құзырлылық ретіндегі информатика мамандығы бойынша магистратураның Европа-Ресей-Орталық Азия академиялық желісін құру» атты ТЕМПУС ЕРАМИС халықаралық жобасының үйлестірушісі болып тағайындалды. Нәтижесінде осы аттас халықаралық білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып, жұмыс істеп жатыр. Бұл бағыт жалғасын тауып, профессор У.Ә.Тукеев 2014-2016 жылдарға да №544319 «Европа мен Орталық Азиядағы екінші құзырлылық ретіндегі информатика бойынша магистратура» атты ТЕМПУС ПРОМИС халықаралық білім беру бағдарламасының үйлестірушісі атанды.

2015 жылдан бастап профессор Тукеев басқаратын ұжым Аликанте университетінің (Испания) профессоры М.Форкаденің ғылыми тобымен бірігіп, «Apertium платформасы негізінде қазақ тілінен ағылшын, орыс тілдеріне (және керісінше) машиналық тәржімелеудің еркін/ашық жүйесін құру» атты халықаралық жобаны жүзеге асыруда. Негізгі мақсат — өндірістік сападағы гибридіктік біріккен машиналық тәржімелеу жүйесін жасау.

Профессор У.Ә.Тукеев ғылыми біліктілігі жоғары мамандар дайындауға да сүбелі үлес қосып, олармен өзінің ұзақ жылдар жинаған ғылыми-зерттеушілік тәжірибесімен бөлісуден танбай келеді. Оның болашақ ұрпақ үшін жариялаған ғылыми еңбектерінің ұзын саны 160-тан асады. Соның ішінде 1993 жылы басылған «Технологиялық үдерістерді автоматтандырып басқару жүйелерінің деректер қорлары мен бағдарламалық кешендерін автоматтандырып жобалау» атты көлемді ғылыми монографиясы мен «Деректер моделдері» және т.б сегіз оқулығы мен оқу-әдістемелік құралдарын атасақ та жеткілікті шығар.

Бүгінде ұстаз-ғалымның бағып-қағып, ғылыми және педагогикалық

жолда қанаттандырған шәкірттері алыс-жақын шет елдерде, республикамыздың әр өңірінде, ірі ғылыми ұжымдарда және университет қабырғасында өзі көп жыл басқарған Ақпараттық технологиялар департаментінде де жемісті еңбек етіп жүр.

Ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындауға көп көңіл бөлетін профессор У.Ә.Тукеев 1992-1998, 2003-2007 жылдары Жоғарғы аттестациялау комитетінің математика және информатика бойынша Сараптау кеңесінің сарапшысы және кеңес төрағасының орынбасары, кандидаттық және докторлық ғылыми дәрежелер, доценттік, профессорлық атақ беретін арнайы диссертациялық кеңестердің мүшесі ретінде де ерен еңбек үлгісін көрсетті.

Уалшер Әнуарбекұлының ғылыми жетекшілігімен үш кандидаттық және екі PhD диссертациялары қорғалды. Профессор У.Ә.Тукеев 1993 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының, 2003 жылы Қазақстан жоғары мектебі ғылыми академиясының толық мүшесі, 2014 жылы ҚР ҰҒА құрметті академигі лауазымдарына сайланды.

Ал 2016 жылы профессор У.Ә.Тукеев ғылыми ізденістердің нәтижесі болып табылатын мақалалары Springer баспасында жарық көріп, Scopus қорында индекстелетін 8-ші Халықаралық Computational Collective Intelligence Technologies and Applications (ICCCI 2016) конференциясының «Азресурсты табиғи тілдерді өңдеу» деп аталатын арнайы секциясын өзі ұйымдастырып, оған төрағалық етті.

Уалшер Әнуарбекұлы — өзінің ғылыми және ұстаздық қызметін белсенді қоғамдық жұмыстармен ұштастырып жүрген жан. Оның қоғам мен халқына сіңірген еңбегі өз дәрежесінде бағасын алып келеді. Алғаш медальмен студент шағында 1966 жылы марапатталған Уалшер Тукеев 1986 жылы КСРО ЖЖАОББ министрлігінің «Еңбектегі үздік табыстары үшін» төсбелгісімен, 2001 жылы ерен табыстары мен ел егемендігінің гүлденуіне қосқан үлесі үшін ҚР БЖҒМ-нің Құрмет грамотасымен, 2003 жылы ҚР БЖҒМ-нің «Қазақстан Республикасы ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2005 жылы «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен марапатталуы — соның айғағы.

Профессор У.Ә.Тукеев асыл жары Дамира Сейтжанқызымен бірге Нұржан атты ұл мен әкесінің жолын қуып, ақпараттық технологиялар саласында қызмет етіп жүрген Жәмилә есімді қыз өсірген. Олардың 4 немере бағып отырған бақытты әке-ана, мейірімді ата-әже екенін де мақтанышпен айта аламыз.

Сөз соңында құрметті Тукеев Уалшер Әнуарбекұлын 70 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, жаңа шығармашылық жетістіктер, отбасына бақыт пен шаттық тілейміз!

Факультет ұжымы атынан
Д.Р. РАХИМОВА,
Б.Қ. ӘБЕНОВ,
Ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушылары

технологияларының моделдерін, әдістерін және құрал-жабдықтарын құру мен зерттеу» тақырыбында докторлық дәрежесін табысты қорғаған Уалшер Әнуарбекұлы диссертациясының тақырыбы бойынша ғылыми семинарлар өткізіп, дәрістер оқу үшін Францияның Ренн қаласында орналасқан IRIA ғылыми-зерттеу орталығы мен университетке шақырту алады. Пофессор У.Ә.Тукеевтің Қазақстан жоғары оқу орындары мен шет ел ғылыми орталықтары арасындағы байланыс орнату қызметі басталған уақыт, міне, осы кез.

1994 жылы ҚазҰУ-ға Компьютерлік орталық директоры лауазымына шақырылғаннан кейін профессор У.Ә.Тукеевтің жетекшілігімен университеттің корпоративтік компьютерлік желісі, университетті басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі құрылып, ақпараттық технологиялардың жана бағыттары бойынша халықаралық жобаларды жүзеге асыру жанданған-ды.

1995 жылы У.Ә. Тукеев басқаратын ҚазҰУ Компьютерлік орталығы франциялық (Страсбург қаласындағы Р.Шуман университетіндегі) және алманиялық (Дармштадт қаласындағы Жоғары техникалық мектептегі) серіктестерімен бірге европалық ТЕМПУС-ТАСИС қорының грантын, одан соң осы халықаралық ұжым ұлттық университет басшылығын ақпараттандыруға арналған «AL-FARABI NOVA» үш жылдық жобасын жүзеге асыру грантын иеленді. Нәтижесінде оптикалық-талшықты магистраль арқылы еліміздегі ең ірі жоғары оқу орнының кампустарын біріктірген компьютерлік желі іске қосылып, университеттің оқу үдерісі мен қаржылық-шаруашылық жұмыстары автоматтандырылды.

Ұжымның 1999-2005 жылдардағы қажырлы еңбегі мен ғылыми ізденістерінің арқасында «ҚР Мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат жүйесін дамыту» бағдарламасы орындалып, жоғары оқу орындарының кітапханалары ғылыми-техникалық әдебиеттерінің біріккен электрондық каталогы Интернет-үлгісінің бағдарламалық кешені іске асты.

2003 жылдың сәуір айында профессор У.Ә. Тукеев механика-математика факультеті

**26 октября в музее «Аль-Фараби» пройдет круглый стол
«Вопросы гуманизма в трактатах аль-Фараби»**

ДУХОВНЫЙ УЧИТЕЛЬ

29 октября этого года исполняется 75 лет со дня рождения видного казахстанского ученого, общественного деятеля, доктора философских наук, профессора Казахского национального университета имени аль-Фараби Марата Шамуратовича Хасанова.



В том же году он руководил проектом «Концепции гуманитарного образования в РК». Одновременно он руководил Центром гуманитарного образования, функционировавшего на базе КазНУ им. аль-Фараби.

В 2002-2003 гг. при содействии Фонда «Сорос-Казахстан» впервые на базе КазНУ им. аль-Фараби он провел летние школы по вопросам образования и его взаимосвязи с достижениями современной науки и потребностями общественно-исторической практики.

С 2003 по 2005 гг. он являлся директором Института гармоничного развития человека, заместителем Генерального директора по научной работе НЦ «Бөбек» МОН РК.

Марат Шамуратович всегда чутко улавливает вызовы времени, тенденции общественного развития. Именно в то время, когда президент нашей страны Н.А. Назарбаев выступил с лекцией о евразийстве в МГУ им. М.В. Ломоносова, а в новой столице Казахстана открылся Евразийский национальный университет имени Л.Н.

Гумилева, Марат Шамуратович создал общественно-политический и литературно-художественный журнал «Евразия». Страницы журнала стали открытой трибуной современной философской, культурологической, политической, общественной мысли и художественного слова Казахстана.

За время своей педагогической, научной и государственной деятельности М.Ш. Хасанов внес большой вклад в разработку теории и практики диалектики, а также философии политики, культуры и образования.

По этим разделам философии он имеет десятки работ, выступал с докладами в Москве, Санкт-Петербурге, Риге, Обнинске, Тарту, Оклахоме, Таллинне, Тайпее, Берлине. Ученым были разработаны оригинальные идеи в области диалектики, теории познания, философии науки, политики, культуры и образования, которые в дальнейшем нашли широкий круг приложений в таких фундаментальных трудах, как «Целое и часть как категории материалистической диалектики» (1982), «Космос казахской культуры» в соавторстве с Каракозовой Ж.К. (1993), «Философия» и «История и философия науки» в соавторстве с Петровой В.Ф.

Одновременно складывалась и его научная школа, ставшая известным объединением единомышленников в рамках казахстанской философии. Кадровый состав научной школы Хасанова представлен как учеными с большим стажем научно-исследовательской деятельности, так и молодыми исследователями. Среди его учеников и ученые, и политики, и ректора и проректора ведущих вузов Казахстана, заведующие кафедрами и директора институтов. Под его руководством защищены десятки кандидатских и

докторских диссертаций. Говоря о Марате Шамуратовиче нельзя не упомянуть о его замечательной семье. Он убежден, что прежде чем учить системе ценностей других, надо соблюдать их в семье. Для философа, убежден он, семья должна занимать первостепенное значение в иерархии ценностей. Этот важный принцип он действительно воплотил в своей семейной жизни.

Вне всякого сомнения, Марату Шамуратовичу повезло, жена и дети имеют отношение к философии. Многие годы они с женой – Верой Филипповной – творят вместе, совместно пишут научные и учебные труды, а дети помогают с литературой на английском языке. Их семья не просто ячейка общества, но и мини творческий коллектив.

В их творческом тандеме Марат Шамуратович, как правило, определяет общее направление деятельности, канву работы, а Вера Филипповна доводит работу до логического конца с точки зрения норм науки и языка. Благодаря подобной творческой и духовной гармонии, многие их работы написаны на высоком научном и прекрасном литературном языке.

И еще один немаловажный штрих к портрету Марата Шамуратовича. В юности он определил для себя жизненное кредо – честно заниматься своим делом и не тратить время. Честное, самоотверженное служение избранному делу – делу науки, творчества, образования и воспитания всегда было и остается для него делом первостепенной важности. Он является Духовным учителем для своих учеников и единомышленников, он умеет сказать больше, чем сказал. Его мысли продолжают его ученики, он образец подражания именно в сотворении Добра.

**Б.А. ДЖААМБАЕВА,
А.С. СЫРГАКБАЕВА,**
преподаватели кафедры философии



Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өзін де, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондай ғалым ұстаздардың бірі – Зәуре Файнетдинқызы Айташева.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

катар, Неміс зерттеу қоғамының бұрышы мен кітапханасы ашылып, Александр фон Гумбольдт атындағы қордың демеуімен Аксиоскоп ФЛ-40 құнды флуоресценттік микроскопы кафедраға сыйлық ретінде берілді.

Зәуре Файнетдинқызы ұстазға артылған зор сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеп келеді.

Білім саласында 30 жылдан астам еңбек етіп, заман сұранысына сай үш тілде: казак, орыс, ағылшынша дәріс беретін ғалымның 200-ге жуық ғылыми жұмыстары бар, оның ішінде 1 монография, 7 авторлық куәлік, ҚР-дың 2 патенті және 4 авторлық құқық туралы куәлік иесі. АҚШ мемлекеттік департаментінің қолдауымен 2009 жылы үш тілде «Өсімдіктердің сигналды трансдукциясы» атты оқулық жазып шығарды.

Зәуре Файнетдинқызы – ұжымға өте сыйлы, еңбеккер, кішіге қамқор, үлкенге ізет көрсететін, кең жүректі, мейірімді, ақ көңіл жан. Осындай бар жақсыны бойына жинаған асылдың тұяғы ұстазымызды кафедра ұжымы атынан мерейлі 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймын. Сізді өмірден тоқығаны мол, терең ойлы, қамқор ұстаз ретінде жақсы білеміз. Өзіңіз өміріңізді арнаған саланы дамытуға қосқан сүбелі үлесіңіз, тың ғылыми жаңалықтарды енгізудегі кемел қабілетіңіз көпке үлгі. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға амандық-саулық тілейміз!

Ж.Ж. ЧУНЕТОВА,

б.ғ.к., молекулалық биология және генетика кафедрасының доценті

Еңбегі еленген

Мемлекеттің өркендеп, дамуына үлес қосып келе жатқан заң саласындағы іскер нәзік жандардың орны бөлек. Қоғамның қай саласында болсын әйелдер қауымы ерлермен тең дәрежеде иық тіресіп, еңбек етіп жүргені жасырын емес. Сондай жанның бірі Гүлнар Рахымжанқызы Усейнова биыл мерейлі 50 жасқа толып отыр.



НӘЗІК ЖАН

Ұстаз болу – жай ғана мамандық емес. Ол – адам бағдарын жасаушы, ол келешек ұрпақтың сәулетшісі. Өмір атты сан қалтарыстан тұратын үлкен жолда әрбір шәкіртінің жолына түзу бағыт беріп, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеп, өз мамандығының шебері етіп шығару – Гүлнар Рахымжанқызының негізгі мақсаты.

Ол заң ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Сұлтан Сартайұлы Сартаевтың шәкірті болды. Сұлтан Сартайұлының ғылыми жетекшілігімен 1996 жылы «Ш. Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары» тақырыбында кандидаттық диссертациясын, 2009 жылы «Ә. Бөкейхановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап, 2012 жылы көп жылдық еңбектерінің нәтижесінде Білім және ғылым министрлігі тағайындаған грантты жеңіп алып, кафедрамыздың мақтанышы болып, үлгі көрсете білді.

Университеттің қоғамдық өмірі мен ғылымының маңызды бағыттарының қарқынды даму мәселелерін шешуге бағытталған заманауи, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптастыруда да табанды қызмет атқаруда. Университетте «бакалавр – магистр – доктор PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындауда кафедра оқытушыларының шеберлігін шыңдап, заман талабына сай ғылыми еңбектер де даярлады. 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Ол тәрбиелеп, білім берген шәкірттер қазіргі таңда еліміздің түрлі өңірлерінде заң саласында жемісті қызмет етуде. Қарамағындағы әріптестері мен шәкірттерінің еңбегін шыңдап, жол көрсетуден жалықпаған, тамырын тереңге жайып жайқалуына себепкер бола білген, сұлу да нәзік жанның еңбегін бағалап, атап өту – кафедра ұжымына үлкен мақтаныш.

Аяулы Гүлнар Рахымжанқызын мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, шаңырағына ырыс-дәулет, зор денсаулық, биік белестерді бағындыра беріңіз деп тілейміз!

Кафедра ұжымы

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ, журналист

ТАБИҒАТ

ТАҢҒАЛДЫРЫП ЖАТЫР

өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндіріс процестеріне, табиғат ресурстарының жай-күйіне қолайсыздыққа ұшыратуы бек мүмкін.

Климат өзгеруінің басты факторы – атмосфераға фангангитті заттардың таралуы (CO₂, метан, азот оксиді, фреондар), Озон қорғаныс қабатының тесілуі – күн сәулесінің тікелей өтуі, болжалды температураның көтерілуі: келесі 100 жылда – 1,4-5,8 с-ға дейін. Оның негізгі себептері – сыртқы әсерлер (күннің қызуы, жердің орбитасының өзгеруі, вулкан-

салдарынан туындайтын проблемаларды шешуге арналған халықаралық келісім бар. Конвенцияның тарихына тоқталсақ, БҰҰ-ның Бас ассамблеясы 1990 жылы «Климаттың ғаламдық өзгеруі жөнінде шектемелі конвенция» туралы келіссөздер жүргізетін халықаралық комитет құрудан басталады. Комитет шектемелі конвенцияның жобасын жасап, оны 1992 жылы 9 мамырда Нью-Йорктегі (АҚШ) БҰҰ-ның штаб-пәтерінде бекітті. Конвенция 1992 жылы маусым айында Рио-де-Жанейрода (Бразилия) жоғары деңгейде өткен дүниежүзілік кездесуде қабылданды. Оған 154 мемлекет және Еуропалық одақ басшылары қол қойды. Конвенция 1994 жылы 21 наурызда күшіне енді. Қазақстан Республикасы Климаттың ғаламдық өзгеруі туралы шектемелі конвенцияға 1995 жылы 5 мамырда қол қойды, ал тамыз айында Қазақстан Парламенті оны бекітті. Ал бүгінде БҰҰДБ «Климаттың өзгерісі жөніндегі БҰҰ шектемелі конвенция мен екіжылдық баяндама аясындағы Қазақстан Республикасының ұлттық қатынасының

әзірлемесі» жобасы маңызды жұмыс жасап келеді.

Климаттың өзгеруі – кез келген елдің тұрақты дамуының экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілеріне тікелей әсер етеді. Соңғы жылдары көптеген ғалымдар климаттың өзгеруін жаһандық жылынумен байланыстыруда. Жаһандық жылынуға антропогендік және табиғи факторлар әсер етеді. Десе де, табиғи фактордың болуына адами фактордың себеп екенін айта кету керек. Сондай-ақ, ауаға жіберілетін метан, көмірқышқыл газы, химиялық зиянды қоспалар әсерінен озон қабатында тесік пайда болып, жылыну әсері байқалуда. Табиғи фактор жағынан жанартаулардың атқылауы, жердің өз осінен айналу периодының азаюы, Күннің қатты қызуынан қоршаған ортаның өздігінен өртенуі, сутасқыны – климаттың өзгеруінің тұрақты болуына өз әсерін тигізеді. Мақаланы әзірлеу барысында, осы салада жүрген сарапшы мамандардың пікірін білген едік.

Сарапшылардың айтуынша, ғылыми-техникалық революция экологиялық ортаның ластануына қарсы күрестің міндеттерін қиындатып жіберген. Ластану – ауаның, жер мен судың біз қаламайтын қолайсыз өзгерістерге ұшырауы, ол қазір немесе болашақта өсімдіктердің, жануарлардың, адамның өміріне,

дардың оянуы, материктердің қозғалуы т.с.с.) және антропогендік факторлар.

Бүгінде осы мәселелер бойынша БҰҰ-да үлкен жобалар қарастырылған. Мәселен, «Климаттың ғаламдық өзгеруі туралы шектемелі конвенция» деп аталатын климаттың жаһандық өзгеруі

Ғайни СҮЛЕЙМЕНОВА,

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті, метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы

ҚАЗАҚСТАНДА АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ ЖЫЛЫНЫП КЕЛЕДІ

–Климаттың өзгеруі бойынша Үкіметаралық сарапшылар тобының мәліметтері бойынша (МГЭИК) XX ғасырда ауа температурасының біртіндеп жоғарлауы байқалған. Бұл жылыну XX ғасырдың басынан бастап, 40-шы жылдарға дейін жалғасқан, сосын біртіндеп салқындап, 70 ші жылдардың ортасынан қазіргі уақытқа дейін қарқынды жылыну байқалуда. Соңғы 1400 жыл ішінде солтүстік жарты шарда 30-жылдық кезең бойынша 1983–2012 жылдары ең жылы болған.

Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның ғаламдық климаттың күйі туралы мәлідемесіне сәйкес (ВМО-№ 1130), 2013 жыл 1850 жылдан бастап ең жылы жылдардың ондығына кірген. Мамандардың бағалауы бойынша, 2013 жылы жалпы Жер шары бойынша орташалаған ауа температурасы 0,50°C ± 0,10 °C-тан жоғары болған.

Қазақстан территориясы бойынша көпжылдық мәліметтерді (1940–2013 жж.) сараптау, соңғы 73 жылда 2013 жылы ең жылы болғанын көрсетеді. Қазақстан бойынша ауа температурасының орташа жылдық аномалиясы 1,69 °C тең болған, яғни бұл 1983 жылы байқалған алдыңғы максимумнан 0,13 °C-қа жоғары. Жалпы Қазақстан бойынша он ең жылы жылдар қатарына келесі жылдар жатқызылған: 1983, 1995, 1997, 2002, 2004, 2005, 2006, 2007, 2008 және 2013.


Климаттың өзгеруі – адам денсаулығына, әр түрлі дәрежеде табиғи ортаның барлық құрамды бөліктеріне, ауыл шаруашылығы өндірісіне қатты әсер етеді. Жаһандық жылыну ең бірінші қуаншылық немесе құрғақшылық артады. Бұл біздің еліміз үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осының салдарынан Қазақстан жерінің 65 пайыз бөлігіне құрғақшылық пен деградацияға ұшырау қаупі төніп тұр. Бұл су ресурстарының тапшылығына алып келуі де мүмкін. Оны, яғни климаттың өзгеруін алдын алу үшін алда үлкен шаралар жасалынуы қажет.

ӘЛЕМДІК МҰХИТ СУЫ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МҰЗДЫҚТАР МЕН СОЛТҮСТІК ЖАРТЫ ШАРДАҒЫ АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ, 1850-2015 ЖЖ. РЕСЕЙ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Жер бетінің орташа температурасы

Әлемдік мұхиттың орташа деңгейі

Мұздықтар мен Солтүстік жарты шар



Гүлнар ОРЫНБАСАРОВА,

ҚазҰУ-дың география және табиғатты пайдалану факультеті, метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы

ТАУ МҰЗДЫҚТАРЫ АУДАНЫНЫҢ ҚЫСҚАРУЫ БАЙҚАЛУДА

–Қазгидромет және Экология мен климаттың ғылыми-зерттеу институтында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанның климаты жылынған (1936 – 2005 жж.). Ауаның орташа жылдық температурасы орташа алғанда әр он жылда 0,31 °C өсіп отырған. Мезгілдер бойынша айтатын болсақ, қыста жылыну тез жүрген, Қазақстан бойынша ауа температурасы 0,44 °C/10 жыл өзгерген. Жазда және ауыспалы мерзімдерде температураның өсуі жай жүрген. Температураның осындай өзгерістері аязды күндердің қысқаруында да көрінеді, 10 жылда 3 күнге дейін. Сонымен қатар тәуліктік ауа температурасы 25°C жоғары болған ыстық күндер саны өскенін осы зерттеулер көрсеткен. Климаттың жылынуынан тау мұздықтар алаңының қысқаруы байқалады.

Жерге жақын ауа қабатының температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің өзгерулерінің кешенді әсер етуі ылғалдану аумақтар шекараларының солтүстікке қарай жылжуына әкелуі мүмкін.

Адамзат белсенділігі қоршаған орта үшін байқалынбай қалмайды және атмосфераға парниктік газдардың тасталымын көбейтеді. Бұл тасталымдар жер бетінен жылудың шағылуына кедергі болады, ол жылы атмосферада қалып, жерді жылытады. Сәйкесінше, температура өсіп, климат өзгереді.

Болжам бойынша ауа температурасының өсуі жалғасады деп көптеген зерттеулер көрсеткен.

Климаттағы мұздану және жылыну кезеңдерінің кезектесуі Күнге қатысты Жердің қозғалу орбитасындағы өзгерістермен, яғни табиғи процестермен түсіндіріледі.

СТУДЕНТ КАЗНУ ЗАНЯЛ 1 МЕСТО НА МЕЖДУНАРОДНОМ КОНКУРСЕ

В Южной Корее, на 12-м конкурсе эссе и ораторского мастерства, Талдыбаев Жанадил показал лучший результат среди иностранных студентов. В международном состязании участие приняли представители из Малайзии, Болгарии, России, США, Украины, Индонезии, Монголии, Китая, Японии, Монакко и Руанды.



Конкурс был организован университетом Ханнам при поддержке Министерства спорта и туризма Республики Корея. Проведение такого

рода состязаний является стимулом для повышения интереса среди иностранных студентов к изучению корейского языка, способствует установлению тесных

научно-образовательных связей с университетами мира и расширяет формы сотрудничества.

Студенты КазНУ корейского отделения кафедры Дальнего Востока на постоянной основе участвуют на международных конкурсах и подтверждают свою конкурентоспособность. Ежегодно в университетах Кореи проходят обучение и стажировку около 30 студентов и магистрантов. Успешно выполняя свой индивидуальный учебный план, студенты достойно представляют Казахстан во всех научных, образовательных и культурных мероприятиях, проводимых в Сеуле с участием Посольства РК и Казахстанского общества студентов в Корею.

Коллектив КазНУ поздравляет Талдыбаева Жанадилу, кафедру Дальнего Востока с победой и желает успехов!

Наталья ЕМ,
заведующая кафедрой
Дальнего Востока

Спорт - денсаулық кепілі

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміздің жас ұрпақтарын тәрбиелеуде ҚазҰУ денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан жеке тұлғаларды қалыптастыруды басты талап етіп қойған. Соның дәлелі ретінде жуырда университеттің Спорт кешенінде тарих, археология және этнология факультеті студенттерінің арасында «Салауатты өмір салты» атты «Декан кубогы» үшін таласқа толы футбол сайысы өтті.



Сайыстың басты мақсаты – студенттердің бос уақытында өздері үшін қызықты спорт түрімен айналысуына мүмкіндік жасау. Ойынды ұйымдастыруға факультет оқытушыларымен қатар «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағы бюросы атсалысты. Сайыс ұзақ әрі тартысты болды. Жалпы саны 9 команда бақтарын сынады. Әр топ жеңіске жету үшін барын ортаға салды. Нағыз тартысты ойын финалдық кездесуде болды. Бұл кезеңге 2-курс студенттерінен құралған «Алаш» және ұстаздардан құралған «Қайсар» топтары өткен еді. Ең табанды және мықты деген

екі топтың керемет ойынын жанкүйерлер қызыға тамашалады. Екі топтың да жанкүйерлері демін ішке тартып, қай топтың үздік шығарын тағатсыздана күтті. Нәтижесінде «Алаш» тобы жеңіске жетті. Көрермендерге қызықты ойын өрнегін көрсете білген футбол командаларына рахмет айтқымыз келеді! Алдағы уақытта да факультетімізде осындай пайдалы әрі көңілді іс-шаралар жалғасын таба бермек.

А.К. ТОҚСАНБАЕВ,
тарих, археология және этнология
факультетінің аға куратор-эдвайзері

Недавно среди студентов специальности «Туризм» высших учебных заведений прошел ежегодный мини-футбольный турнир на кубок «ЖасТур». Мини-футбольные поля спорткомплекса КазНУ имени аль-Фараби были предоставлены для состязания восьми команд из университетов города Алматы. Организаторами турнира выступили клуб развития туризма и спорта «ЖасТур» и кафедра рекреационной географии и туризма КазНУ.



Турнир «ЖасТур»

По словам болельщиков, турнир прошел интересно и захватывающе, так как, все команды были сильными соперниками и мало чем уступали друг-другу. Зрители активно болели за своих любимых игроков команд. В результате, жаркой борьбы первое место и победителем турнира стала команда «КАЗАСТ» (Казахская Академия спорта и туризма), второе место заняла команда «НАРХОЗ» (Университет Нархоз имени Т.Рыскулова), а команда «ЖасТур» (Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби) была названа бронзовым призером.

Победители турнира, команда КАЗАСТ была удостоена кубка "Жас тур" и два игрока были отмечены индивидуальными грамотами как «лучший нападающий» и «лучший игрок турнира». Команда «НАРХОЗ», была

награждена спортивными толстовками от Управления по вопросам молодежной политики города Алматы и футбольным мячом, а команда «ЖасТур» получили памятные майки от КТА. Каждый студент по специальности «Туризм» был отмечен грамотой участия в мини-футбольном турнире на кубок «ЖасТур». Субботний день для членов восьми команд вузов, стал еще одним запоминающим событием в их спортивной жизни города.

Официальными и информационными спонсорами турнира выступили Управление по вопросам молодежной политики города Алматы, Казахская туристская ассоциация.

Кафедра рекреационной географии и туризма

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: №582

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.